

**«Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ**  
**мектеп асханасы туралы ақпарат**  
**2022-2023 оқу жылы**  
**I тоқсан**

2022-2023 оқу жылында Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде ыстық тамақ орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және балаларды тамақтандыруға байланысты тауарларды сатып алу ережесі негізінде ұйымдастырылады. Мектеп асханасында тамақтану орны 100 балаға арналған.

Абай атындағы жалпы білім беретін мектебімен арасында қоғамдық және ыстық тамақтандыру пунктін ұйымдастыру бойынша келісім шарт жасалды. Мектептегі ыстық тамақтың сапасын тексеру үшін бракераждық комиссиясы құрылды. 2022-2023 оқу жылының I тоқсанында бракераждық комиссия құрамы тарапынан 2 рет (23.09.2022 №1 акт, 20.10.22 №2 акт) тексеріс жүргізілді. Мектеп асханасына күн сайын визуалдық тексеріс жүргізіліп отырылады. Ауыз сумен қамтылған. "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 (қосымша 7,8) бұйрығын басшылыққа ала отырып, перспективалы екі апталық ас мәзірі мектеп білім алушыларына ұсынылатын бірыңғай тағам мәзіріне сәйкес ұйымдастырылады (қосымша №1,2).

Мектеп білім алушыларының асханада тамақтану кестесі жасалды. Асханада білім алушыларға ыңғайлы болу үшін қолма-қол ақшасыз төлемдер жасау ұйымдастырылған. «Жалпыға білім беру» қоры қаржысынан әр балаға 448 теңге, мемлекеттік қаржы есебінен бастауыш сынып білім алушылары 448 теңге көлемінде ыстық тамақпен қамтылды. 2022-2023 оқу жылында жеке кәсіпкер О.П.Шкадинаның демеушілік тарапынан – 9 білім алушы, бастауыш сыныптарда – 359 білім алушы, орта және жоғары буындарда – 51 білім алушы тамақтанды. Мектеп асханасының мәзірі мектеп асханасының ақпараттандыру бұрышында және «Білімал» электрондық жүйесіне енгізілген.

Мектеп директоры



*Аман*  
Г.Е. Иманкулова